

Астрахан аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 тамыздағы № 6С-8-6 "

Астрахан ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 9 қарашадағы № 6С-44-4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 30 қарашада № 6878 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2020 жылғы 4 қыркүйектегі № 6С-71-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 04.09.2020 № 6С-71-4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес, Астрахан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Астрахан аудандық мәслихатының "Астрахан ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2016 жылғы 26 тамыздағы № 6С-8-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5545 тіркелген, 2016 жылғы 6 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

2 тармағының 1) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының бөлімі – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы*

А.Бейсенбеков

*Астрахан аудандық
мәслихатының хатшысы*

М.Қожахмет

"КЕЛІСІЛДІ"

Астрахан ауданының әкімі

Н.Сейілов

2018 жылғы 9 қараша